

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**С.АМАНЖОЛОВ атындағы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ АТАУЛЫ ШӘКІРТАҚЫНЫ  
ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**

**ШҚМУ Е 010-15**

**Бірінші басылым**

**Көшірме № \_\_\_\_\_**

**Өскемен қ.  
2015 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**БЕКІТЕМІН**

**Ректор**

\_\_\_\_\_ **Ә.Ө.Қуандықов**  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ **2015 ж.**

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

<b>ЕРЕЖЕ</b>	<b>Бірінші басылым</b>
<b>ШҚМУ Е 010-15</b>	<b>Барлығы бет:16</b>
<b>Сәрсен Аманжолов атындағы шәкіртақыны тағайындау туралы</b>	<b>Енгізілген күні: «___» _____ 2015 ж. Бірінші тексеру уақыты 2018 ж. Тексеру мерзімділігі 3 жыл</b>

**ӘЗІРЛЕДІ:**

ҒЗЖҮ бөлімінің бастығы

Б.З. Медеубаева

**КЕЛІСІЛДІ:**

Сапа жөніндегі басшылық өкілі

Б.А. Ердембеков

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс  
жөніндегі департамент директоры

М.А. Саденова

Жоспарлы-экономикалық бөлімінің бастығы

Е.Д. Мамырбаев

Сапа менеджменті, мониторинг және болжау  
бөлімінің бастығы

Н.Б. Әлімбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау  
бөлімінің бастығы

Г.Қ. Жақиянова

Заңгер-кеңесші

Н.К. Жукокова

## Мазмұны

1	Қолданылу аясы.....	4
2	Нормативті сілтемелер.....	4
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Белгілер мен қысқартулар	4
5	Жалпы ережелер.....	5
6	Шәкіртақыны тағайындау тәртібі.....	5
7	С.Аманжолов атындағы атаулы шәкіртақы үміткерлеріне қойылатын талаптар.....	6
8	Өзгерістер.....	6
9	Келісу, сақтау және тарату.....	7
	Қосымша 1.....	8
	Қосымша 2.....	9

## **1 Қолданылу аясы**

1.1 С.Аманжолов атындағы шәкіртақыны тағайындау туралы аталмыш ереже (ары қарай – Ереже) Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің (ары қарай – Университет) Сәрсен Аманжолов атындағы шәкіртақысын тағайындауға ұйымдастырылатын байқаудың тәртібі мен шәкіртақыны тағайындау ережесін анықтайды;

1.2 Аталмыш Ереже бойынша барлық жұмысты стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор қадағалайды;

1.3 Аталмыш Ереже Университеттің ішкі нормативті құжаты болып табылады және менеджмент жүйесін тексеру кезінде сертификацияланған органдардың аудиторларынан, сондай-ақ, Университет Ректорының рұқсатымен тұтынушы-әріптестерден (талаптары бойынша) басқа тараптарға көрсетуге жатпайды.

## **2 Нормативті сілтемелер**

2.1 Аталмыш Ереже келесідей нормативті құжаттардың талаптарын ескере отырып, құрастырылды:

ҚР Конституциясы;

ҚР «Білім туралы» Заңы;

ҚР «Ғылым туралы» Заңы;

Университет Жарғысы;

ИСО ХС 9001:2008 Сапа менеджментінің жүйесі. Талаптар;

ӘН 01-12 «СМЖ құжаттамаларын рәсімдеу талаптары»;

2.2 Аталмыш Ереже келесі үлгілерді іске қосады:

ШҚМУ Р Ү 010-15-01 Қатысуға өтініш

ШҚМУ Р Ү 033-12-002 Сауалнама-түйіндеме

## **3 Терминдер мен анықтамалар**

3.1 Аталмыш Ережеде оны құрастыруға негіз болған нормативті құжаттардан алынған терминдер мен анықтамалар қолданылады.

## **4 Белгілер мен қысқартулар**

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ИСО – Стандарттау бойынша халықаралық ұйым;

ХС – халықаралық стандарт;

СМЖ – сапа менеджментінің жүйесі;

ШҚМУ – Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті;

СДжҒЖП – Стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор;

ҒЖЖХБД – ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі департамент;

- ҒТК – ғылыми-техникалық кеңес;
- ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы;
- СБӨ – сапа жөніндегі басшылық өкілі;
- СПМББ – сапа менеджменті, мониторинг және болжау бөлімі;
- ҚБЖ – құрылымдық бөлімше жетекшісі;
- Е – ереже.

## **5 Жалпы ережелер**

5.1 Аталмыш Ереже студенттерді университеттің оқу, ғылыми, қоғамдық қызметіне ынталандыруға, сондай-ақ, әйгілі ғалым-түркітанушы, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі Сәрсен Аманжоловтың есімін мәңгілік етуге бағытталған Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің (ары қарай – Университет) Сәрсен Аманжолов атындағы шәкіртақысын (ары қарай – Шәкіртақы) тағайындау байқауын ұйымдастырудың негізгі ережелері мен оны өткізу тәртібін реттейді.

4.2 Ережеде «шәкіртақы» терминінің мағынасы бакалавриаттың 2-4 курсына кез келген мамандық бойынша оқитын студентке шәкіртақы иеленушісі ретінде 1 (бір) семестр бойы берілетін ақшалай төлем болып табылады.

## **6 Шәкіртақыны тағайындау тәртібі**

6.1 Байқау жыл сайынғы болып табылады және жылына екі рет өткізіледі.

6.1.1 Бірінші байқау көктемгі семестр, екінші байқау күзгі семестр қорытындысы бойынша өткізіледі.

6.2 Байқау екі кезең бойынша өтеді:

6.2.1 Байқаудың алғашқы (іріктеу) кезеңі факультеттерде өткізіліп (мамырдың төртінші аптасы, қаңтардың төртінші аптасы), Байқаудың жапыуниверситеттік кезеңіне қатысушылар іріктеледі.

6.2.2 Екінші кезең (ақпанның бірінші аптасы, маусымның бірінші аптасы). Байқау комиссиясы үміткерлердің ұсынылған құжаттарын ашық тәртіпте қарастырып, факультет пен студенттің ұсынған құжаттары негізінде ең лайықты студентті анықтайды.

6.2.3 ҒЖЖХБД құрамын СД ж ҒЖ жөніндегі проректор бекітетін байқау комиссиясын құрады;

6.2.4 Байқау комиссиясының шешімі Комиссия төрағасы, хатшысы және Комиссия мүшелері қол қою арқылы растайтын хаттамамен рәсімделіп, ҒТК отырысында жарияланады;

6.2.5 ҒТК отырысының хаттамасы, ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі департамент директорының қызметтік хаты негізінде С.Аманжолов атындағы шәкіртақыны тағайындау туралы ректор бұйрығы шығарылады.

6.3 Байқау комиссиясының қызметі тәуелсіздік, алқалық, ғылыми объективтілік, жариялылық және әділдік принциптеріне негізделеді.

## **7 Үміткерлерге қойылатын талаптар**

7.1 Шәкіртақы 2-4 курстың күндізгі оқу бөлімінде мемлекеттік тапсырыс немесе келісімшарт негізінде оқитын, үлгерімі «өте жақсы» (А, А-) және «жақсы» (В, В+, В-) деген бағаларға сәйкес келетін, келесідей талаптарға жауап беретін студенттің біріне тағайындалады:

7.1.1 Халықаралық немесе республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалар байқауының жеңімпаздарына немесе ашылулар, өнертабыс авторларына;

7.1.2 ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жариялым иелеріне;

7.1.3 ғылыми-зерттеу жұмысымен белсенді айналысатын және жетістіктері дипломдармен, мақтау қағаздарымен, сертификаттармен, куәліктермен расталғандарға;

7.1.4 Университеттің қоғамдық және мәдени өміріне белсене қатысатындарға.

7.2 Студенттің оқу үлгерімі транскриптімен расталуы тиіс;

7.3 С.Аманжолов атындағы шәкіртақыны тағайындау байқауына қатысу үшін келесі құжаттар қажет:

7.3.1 қатысуға өтінім (қосымша 1);

7.3.2 жеке басты куәландыратын құжат көшірмесі;

7.3.3 транскрипт;

7.3.4 кафедра меңгерушісінен алынған мінездеме;

7.3.5 С.Аманжолов атындағы шәкіртақыны тағайындау байқауына үміткердің сауалнама-өтінімі (қосымша 2)

7.4 Шәкіртақыны тағайындау студенттің мемлекеттік, сонымен қатар, жоғарылатылған шәкіртақыны алу құқын жоққа шығармайды;

7.5 Шәкіртақы Университеттің ғылыми-техникалық кеңесі шешіміне сәйкес бір тұлғаға бірнеше қайтара тағайындалуы мүмкін.

7.6 Шәкіртақыны төлеу бюджеттік емес және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қайнаркөздер есебінен ай сайын жүзеге асырылады.

## **8. Өзгерістер**

8.1 Ережеге өзгерістер мен қосымшалар СБӨ рұқсатымен ғана енгізіледі және оның қолы қойыла отырып, өзгеріс туралы хабарлама түрінде құжаттамалық рәсімделеді. Өзгеріс туралы хабарлау парағы белгіленген үлгіге сәйкес хатталады және осы ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшалар ҚР ШҚМУ 001-13 талаптарына сәйкес енгізіледі.

«Сәрсен Аманжолов атындағы шәкіртақыны тағайындау туралы ереже» 010-15 ШҚМУ Е.

Бірінші басылым.

16 беттің 6 б.

Сақтауға берілген ережеге өзгерістер енгізу туралы хабарламаны әзірлеуші бөлімше шығарады. Ережеге өзгерістерді ҚБЖ өзгерістерді және қосымшаларды тіркеу парағына белгілей отырып, енгізеді;

8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін СМЖЖМББ және ҚБЖ жауапты.

8.3 Ережені тексерулердің мерзімділігін есепке алу парағына міндетте түрде белгілей отырып, ҚБЖ үш жылда кем дегенде бір рет қайта қарайды.

8.4 Ережеге өзгерістер мен қосымшаларды енгізу үшін мыналар негіз бола алады:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен қосымшалар;

- ректордың бұйрықтары;

- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

- құрылымдық бөлімшелерді қайта құру;

- СБӨ рұқсатымен енгізілген өзгерістердің себебі көрсетілген ҚБЖ қызметтік жазбасы.

8.5 Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгертілген кезде ереже ауыстырылуы керек.

8.6 Ауыстырылған жағдайда ереженің күшін жоғалтқан университеттегі барлық даналар алынып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс.

Ескірген ережені алу және ауыстыру үшін ҚБЖ және СМЖЖМББ жауапты.

8.7 Ескірген ережеде «Жойылды» деген белгі, жою негіздемесі, күні және «Жойылды» деген белгіні қойған тұлғаның қолы қойылып, мұрағатқа жіберіледі. Мұрағаттық құжаттар жұмысқа пайдаланылмайды.

## **9 Келісу, сақтау және тарату**

9.1 Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

9.2 Ережені ҚБЖ әзірлейді.

Ережені мыналар келіседі:

- СБӨ-мен;

- ҒЖЖХБД директоры;

- СММЖБ бастығы;

- жоспарлы-экономикалық бөлімінің бастығы;

- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы;

- заңгер-кеңесшімен.

9.3 Ережені ректор бекітеді және жойылғанға дейін әрекет етеді.

9.4 Ереженің түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінде сақталады және оның сақталуы үшін құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бастығы жауапты болады.

9.5 Құрылымдық бөлімшенің барлық жұмысшыларының ереженің мазмұнымен жеке танысуы үшін ҚБЖ, кадрлар бөлімінің бастығы және құқықтық қолдау жауапты.

9.6 Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі таратады.

9.7 Ереженің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін ҚБЖ жауапты.



**Қосымша 1**

**ШҚМУ Р Ү 010-15-01 Қатысуға өтініш**

**С.АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**БЕКІТЕМІН**

**Факультет деканы**

\_\_\_\_\_ **Т.А.Ә.**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **20\_\_ ж.**

**Сәрсен Аманжолов атындағы атаулы шәкіртақыны  
тағайындау байқауына қатысуға  
өтініш**

Мен, (ТАӘ, мамандық, курс) Сәрсен Аманжолов атындағы шәкіртақыны тағайындау туралы Ережемен таныса отырып, Сәрсен Аманжолов атындағы шәкіртақыны тағайындау байқауына қатысуға өтініш білдіремін.

Қосымша: байқауға қатысу үшін ұсынылатын құжаттар \_\_\_\_\_ бетте.

Студент (қолы) Т.А.Ә.

Кафедра меңг. (қолы) Т.А.Ә.

Өскемен, 20\_\_ ж.

Қосымша 2

ШҚМУ Р Ү 010-15-02 – сауалнама-түйіндеме үлгісі

С.Аманжолов атындағы шәкіртақыға үміткердің  
САУАЛНАМА-ТҮЙІНДЕМЕСІ

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Факультет \_\_\_\_\_

Мамандық \_\_\_\_\_

Оқу тілі \_\_\_\_\_

Топ \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны \_\_\_\_\_

№ п/п	Студент белсенділігінің көрсеткіштері	Бағалау критерийлері (K <sub>0</sub> )	Саны (K)	БАЛЛ (K <sub>0</sub> *K)
1	Үлгерім (Ү)			
1.1	Оқудың барлық кезеңі бойынша үлгерімнің орташа балы			
	B-	1		
	B	2		
	B+	3		
	A-	4		
	A	5		
Барлығы:				

2	Ғылыми-зерттеу жұмысы (Ғ)			
2.1	<p><i>Көрмелерге, конференцияларға, олимпиадаларға, байқауларға қатысуы</i></p> <p>университеттік деңгейде</p> <p>облыстық деңгейде</p> <p>республикалық деңгейде</p> <p>халықаралық деңгейде</p>	1	2	4
2.2	<p><i>Студенттердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстары байқауыны, пәндік олимпиадалардың жеңімпазы</i></p> <p>университеттік деңгейде</p> <p>облыстық деңгейде</p> <p>республикалық деңгейде</p> <p>халықаралық деңгейде</p>	4	6	10
2.3	<p><i>Ғылыми мақалалар басылымы</i></p> <p>ғылыми еңбектер жинағында</p> <p>Қазақстанның мерзімді басылымдарында</p> <p>шетелдік мерзімді басылымдарда</p>	5	10	15
2.4	<p><i>ҒЗЖ нәтижелерін оқу үрдісіне, өндіріске және т.б. енгізу актісі</i></p>	20		
2.5	<p><i>Ғылыми үйірмелер және СҒҚ жұмысына қатысу</i></p>	5		
2.6	<p><i>ҒЗЖ орындауға қатысу:</i></p> <p>мемлекеттік бюджет жобалары шаруашылық келісім негізіндегі</p>	5	5	

	жобалар			
<b>Барлығы:</b>				
3	<b>Қоғамдық белсенділік (Қ)</b>			
3.1	<i>Көрмелерге, олимпиадаларға, спорттық жарыстарға және байқауларға қатысу</i> университеттік деңгейде облыстық деңгейде республикалық деңгейде халықаралық деңгейде	1 2 3 4		
3.2	<i>Байқаулардың, олимпиадалардың, спорттық жарыстардың жеңімпазы</i> университеттік деңгейде облыстық деңгейде республикалық деңгейде халықаралық деңгейде	2 3 5 10		
3.3	<i>Студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысу</i> университеттік деңгейде облыстық деңгейде республикалық деңгейде халықаралық деңгейде	1 2 3 4		
<b>Барлығы:</b>				





**ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ БЕКІТУ ПАРАҒЫ**

Өзгерту нөмірі	Өзгерту енгізу туралы бұйрық құжатының нөмірі мен мерзімі	Өзгертуді енгізу уақыты	Өзгерту енгізген тұлғаның ТАӘ	Қолы

**МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ**

Тексеріс нөмірі	Жүргізілген тексеріс туралы бұйрық құжатының нөмірі мен мерзімі	Тексеру жүргізу уақыты	Тексеру жүргізген тұлғаның ТАӘ	Қолы